

2009 жылғы 1 қаңтардағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 қаңтарда 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. 2008 жылғы желтоқсан айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 9 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Тұран Әлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ және «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Қорлар елдің жұмыспен қамтылған халқын жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тартуды жалғастыруда, соның нәтижесінде салымшылардың дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны өсуде.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 415,5 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 9 613 112 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 389 400-ге (4,22 %), оның ішінде желтоқсан айында 47 157-ге (0,49 %) ұлғайды.

2009 жылғы 1 қаңтарда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 4 қорда жинақталды: «МЖЗҚ» – 25,15%, «Қазақстан Халық Банкі» – 21,94%, «Ұлар Үміт» – 14,38% және «БТА Қазақстан» – 10,44% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,91%-ы келеді. 2008 жылғы желтоқсан айында 4 қордың үлесі алдыңғы есепті аймен салыстырғанда 0,03 пайыздық тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2009 жылғы 1 қаңтарда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 959,2 млн. теңгемен 41 499 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 2008 жылдың басынан 595-ке (1,45%) ұлғайды, бұл ретте 2008 жылғы желтоқсан айында салымшылар шоттарының жалпы саны 125-ке (0,30 %) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 182-ге (4,73%) өсіп, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 57,6 млн. теңгемен 4 030 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары үш қорда: «Ұлар Үміт», «БТА Қазақстан» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2009 жылғы 1 қаңтарда 1 420,5 млрд. теңгені құрады немесе 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 212,4 млрд. теңгеге (17,58%) ұлғайды. 2008 жылғы желтоқсан айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 42,1 млрд. теңгеге (3,05%) ұлғайды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі желтоқсан айында 27,8 млрд. теңгеге

(2,40 %) ұлғайып, 2009 жылғы 1 қаңтарда 1 184,7 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының орташа айлық келіп түсуі 2007 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 19,0 млрд. теңге болғанда, олар 2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында тиісінше 22,7 млрд. теңгені құрады немесе 19,47 %-ға өсті.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2008 жылғы желтоқсан айында 16,5 млрд. теңгеге (5,68%) ұлғайып, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 306,9 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) 2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларындағы жинақталған зейнетақы қаражаты мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	(млрд. теңге)			
	1.01.08	1.01.09	Өсім сомасы	Өсу қарқыны (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	1 208,1	1 420,5	212,4	17,58
Зейнетақы жарналары	912,1	1 184,7	272,6	29,89
«Таза» инвестициялық кіріс	339,3	306,9	- 32,4	- 9,55
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	28,09 %	21,61 %	-	6,48 пайыздық тармақ (төмендеу)


Көрсетілген кестеден өткен жылдың тиісті кезеңінде 24,87 млрд. теңге болған немесе 28,83%-ға төмендеген болса, 2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында жинақталған зейнетақы қаражаты сомасының өсімі 212,4 млрд. теңгені құрағаны немесе жинақталған зейнетақы қаражатының орташа айлық өсімі 17,7 млрд. теңге болғаны байқалады.

Салымшылардың (алушылардың) жинақтаушы зейнетақы қорларында шоғырландырылған жинақталған зейнетақы қаражатының өсімінің 2008 жылы төмендеуі ең алдымен, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен инвестициялық кірістің төмендеуінен туындаған.

Дүниежүзілік қаржылық дағдарыс жағдайында зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен инвестициялық кірістің төмендеуі зейнетақы активтері инвестицияланған негізгі отандық және шетелдік эмитенттердің қаржы құралдарына биржалық бағаның төмендеуімен негізделген.

2009 жылғы 1 қаңтарда ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 403,4 млрд. теңге (28,40%), «МЖЗҚ» – 245,5 млрд. теңге (17,28%), «ҰларҮміт» – 199,1 млрд. теңге (14,02%) және «БТА Қазақстан» – 179,9 млрд. теңге (12,66%) немесе жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 72,36%-ы келді. Желтоқсан айында үлесі 0,23 пайыздық тармаққа азайды.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмау мен аудармау және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау үшін өсімпұл сомасының ұлғаюы жалғасып, 2009 жылғы 1 қаңтарда 9,5 млрд. теңге болды немесе алдыңғы есепті аймен салыстырғанда 2,15%-ға өсті.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 92,1 млрд. теңге болды немесе 2008 жылғы 1 желтоқсанда 2,6 млрд. теңгеге (2,91%) өсті. Қорлар 2007 жылғы тиісті кезеңде жүзеге асырылған зейнетақы төлемдері 15,2 млрд. теңге болғанда 2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында алушыларға жалпы сомасы 29,0 млрд. теңгеге немесе 1,9 есе көп зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 303,4 млн. теңгеге 297 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2009 жылғы 1 қаңтарда 448,1 млн. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару желтоқсан айында 15,0 млрд. теңгеге (4,84%) ұлғайып, 325,1 млрд. теңгені құрады. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 115,3 млрд. теңгеге немесе 54,96%-ға өсті.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы желтоқсан айында 44,3 млрд. теңгеге немесе 3,24%-ға өсіп, 1 412,9 млрд. теңге болды. 2008 жылы зейнетақы активтерінің көлемі 200,9 млрд. теңгеге немесе 16,58%-ға ұлғайды.

2008 жылғы 1 қаңтардан бастап 2009 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 16,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ /ООИУПА ЖЗҚ /НПФ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%

«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	403 702	28,57
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	245 890	17,40
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	213 701	15,13
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	191 060	13,52
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 641	1,60
«ТұранӘлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	179 859	12,73
"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	83 234	5,89
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	83 234	5,89
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	53 473	3,78
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ ("Еуразиялық банк" АҚ ЕҰ)	46 434	3,29
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («АТФ Банк» АҚ ЕҰ)	41 592	2,94
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	39 607	2,80
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	35 726	2,53
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	35 726	2,53
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН ЖЗҚ" АҚ	31 625	2,24
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	28 188	2,00
" RESMI Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	9 834	0,70
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 834	0,70
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	1 412 866	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2008 жылғы 1 желтоқсандағы кезеңде 31,6 млрд. теңгеге немесе 2,35%-ға, ал 2008 жылғы 1 қаңтардағы кезеңде - 183,3 млрд. теңгеге немесе 15,34%-ға ұлғайып, 2009 жылғы 1 қаңтарда 1 378,4 млрд. теңгені құрады.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.01.2009.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	425 228	30,85
ҚР еурооблигациялары	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	340 989	24,74
Ұлттық Банктің ноттары	84 239	6,11
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	142 727	10,35
акциялар	37 532	2,72
облигациялар	105 195	7,63
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	22 721	1,65
Тазартылған алтын	22 308	1,62
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	638 693	46,34
акциялар	135 706	9,85
облигациялар, оның ішінде	502 987	36,49
Шетел валютасында номинирленген	37 667	2,73
теңгеге номинирленген	465 320	33,76
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	123 483	8,96
Туынды бағалы қағаздар	3 233	0,23
Жиынтығы	1 378 393	100

Келтірілген мәліметтерден инвестициялық портфельдегі ең көп үлесті бұрынғыша жалпы үлесі 77,19% болған ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары және мемлекеттік бағалы қағаздар құрайтыны байқалады.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2003 жылғы желтоқсан – 2008 жылғы желтоқсан кезеңінде - 36,61%.
Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті - 30,19% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,90%);


– 2005 жылғы желтоқсан – 2008 жылғы желтоқсан кезеңінде – 22,79% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 41,01%);

– 2007 жылғы желтоқсан – 2008 жылғы желтоқсан кезеңінде – 0,84% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 9,50%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі ағымдағы жылдың 1 қаңтарында алдыңғы жылдың осыған ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 9,54 пайыздық тармаққа төмендеді;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 10,11 пайыздық тармаққа төмендеді;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 10,31 пайыздық тармаққа төмендеді.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кірісі коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 47,7 млрд. тенге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 35,5 млрд. тенге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 74,42%-ы болды. Активтердің жалпы сомасы 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 64,4 млрд. тенге болды немесе 2008 жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда 19 млрд.тенгеге (41,85 %) ұлғайды.

2008 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 14 қордың ішінде 8 қор жалпы сомасы 3,29 млрд. тенге пайда (кіріс салығын төлегеннен кейін) алды және 6 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН», «Қазақстан Халық Банкі», «Қорғау», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 10,31 млрд. тенге шығынға ұшырады. Жалпы алғанда

қорлар бойынша 2009 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында жалпы сомасы 7,02 млрд. теңге шығын болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 50,7 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 78,73%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға – 61,97 %, Қазақстан Республикасының эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 28,75%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына – 0,18 %, «Кері РЕПО» операцияларына - 1,99 % инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 5,87 %, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 1,18 %, сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайларына - инвестициялардың жалпы көлемінің 0,06 % -ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.04	1.01.05	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09
ЖІӨ млрд.теңге (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	12 849,8	(болжам) 15 854,9
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,40	8,96
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	7,10	7,47
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,64	1,94
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,23	0,30